

**«Қазақстан Республикасының
жоғары оқу орындары
қауымдастығы» ЗТБ Басқармасының
2014 жылғы «_____» _____
хаттамасымен**

БЕКІТІЛГЕН

«Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана»

мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер.

1.1. Бұдан әрі «Мекеме» деп аталатын «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана» мекемесі Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындары қауымдастығының бастамасымен құрылған және дербестік, өзін-өзі басқару, есептілік, заңдылық және жариялық негізінде іс-әрекет жасайды. Мемлекеттік емес, коммерциялық емес ұйым болып табылады және Жарғыда көзделген мақсаттар мен міндеттерді іске асыру мақсатымен құрылған.

1.2. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілеріне сәйкес әзірленген.

1.3. Мекеменің ресми атауы мемлекеттік тілде: «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана (РЖООЭК)», орыс тілінде: «Республиканская межвузовская электронная библиотека», кітапхананың қысқартылған ресми атауы – РМЭБ, ағылшын тілінде: «The Republican interuniversity electronic library (RIEL)».

1.4. Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүзеге асырады.

1.5. Мекеменің қолданыс мерзімі шектелмеген.

1.6. Мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Сәтбаев көш., 16-18, 18а, 714 офис.

2. Мекеменің құқықтық мәртебесі

2.1. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлігі бар, дербес теңгермесі, банктік, оның ішінде шетелдік валютада шоттары бар.

2.2. Мекеменің дөңгелек мөрі, бұрышты мөртаңбасы, фирмалық белгісі және өз атауы заңмен белгіленген тәртіппен тіркелетін үлгілері бар өзге де символикасы болады.

- 2.3. Мекеме мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлға құқығын алады.
- 2.4. Мекеме өз іс-әрекеті кезінде кіріс алуды мақсат етпейтін коммерциялық емес ұйым болып табылады.
- 2.5. Мекеме осы типтегі ұйымдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.
- 2.6. Мекеме өз міндеттемелері үшін өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.
- 2.7. Мемлекет Мекеменің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Мекеме де мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 2.8. Мекеме басқа да қауымдастықтарға және қоғамдарға кіре алады, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар және филиалдар мен өкілдіктер, оның ішінде, шетелде филиалдар мен өкілдіктер құра алады. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылады және Мекеме бекітетін Ережелер негізінде іс-әрекет жасайды, Мекемені құру сәтінде филиалдары мен өкілдіктері жоқ.
- 2.9. Мекеме жарғылық мақсат шеңберінде ғана коммерциялық қызметпен айналыса алады.

3. Мекеменің құрылтайшылары.

- 3.1. «Қазақстан Республикасының Жоғары оқу Орындарының Қауымдастығы» заңды тұлға бірлестігі Мекеменің Құрылтайшысы болып табылады.
- 3.2. Мекеменің реквизиті: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев көш., 16-18-18а, 712 офис, БИН 020240009122, Банк реквизиттері, АҚ АТФ банк бөлімшесі Алматы қ., ИИК (p/c): KZ28826A1KZTD2012859, БИК: 190501956ALMNZKA

4. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаты.

4.1. Мекеме қызметінің негізгі бағыттары:

4.1.1. Республиканың жоғары оқу орындарының электрондық білім беру ресурстарынан тұратын бірыңғай ақпараттық жүйені жасау:

- қазіргі заманғы ақпараттық-білім беру ресурстарындағы профессорлық-оқытушылық құрамының, студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және басқа да қатысушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру;
- жоғары оқу орындары арасында оқу әдебиетімен, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерімен, ғылыми мақалалармен, ҒЗТКӘ есептерімен алмасу;
- пайдаланушыларға машина оқитын деректердің үлкен көлемімен жұмыс істейтін сапалы жаңа мүмкіндіктерін ұсыну;
- телеқолжетімділік режимінде толық тестілік дерекқорды ұсыну;
- Қазақстандық және халықаралық ақпараттық желілерге бірігу.

4.1.2. Электрондық каталогты, дерекқорды қалыптастыру, сондай-ақ, оларға және басқа да отандық және шетелдік ақпараттық ресурстарға қашықтықтан қолжетімділікті ұйымдастыру, ақпараттық алмасуға қатысу.

- 4.1.3. Білім басылымдарының жиынтық электрондық каталогын құру бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындарының басқа кітапханаларымен корпоративтік ынтымақтастығын ұйымдастыру.
- 4.1.4. Қоғамдық пайдалануға кітапханалық-ақпараттық қорды ұсыну, кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді және құжаттарды электрондық жеткізуді ұйымдастыру.
- 4.1.5. Электрондық оқу басылымдарын, ғылыми және анықтамалық әдебиетті әзірлеу және шығару.
- 4.1.6. Ұлттық және халықаралық әріптестермен бірге жобаларды жүзеге асыру.
- 4.1.7. Білім беру ұйымдары үшін ақпараттық-кітапхана қызметі саласындағы оқыту семинарларын, курстарды, тренингтерді ұйымдастыру және өткізу.
- 4.1.8. Білім және ғылым аясында халықаралық ұйымдармен бірге халықаралық бағдарламаларға, жобаларға қатысу.
- 4.1.9. Халықаралық ұйымдармен бірге іс-әрекет бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастық жасау.
- 4.1.10. Мекеменің Жарғысына сәйкес көрмелерді, конкурстарды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру.
- 4.1.11. Шығармашылық және коммерциялық күш-жігерлердің ұйымдасуына Мекеменің мүддесіне сай ықпал ету.
- 4.2. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған және оған қол жеткізу үшін құрылған мақсаттарға сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметін жүргізуге құқылы.
- 4.3. Лицензиялауға немесе рұқсаттарды алуға жататын қызмет түрлерін Мекеме белгіленген тәртіппен осындай лицензияларды (рұқсаттарды) алудан кейін ғана жүзеге асыруға құқылы;
- 4.4. Мекеме жарғылық мақсаттарға сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызметті жүзеге асыруға құқылы.

5. Мекеменің мүлігін қалыптастыру көздері.

- 5.1. Мекеменің мүлігі:
 - 5.1.1. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түскен түсімінің;
 - 5.1.2. Ерікті мүліктік жарналар мен қайырылымдықтардың;
 - 5.1.3. Өз шаруашылық қызметінен келетін кірістердің;
 - 5.1.4. Құрылтайшының бір жолғы қайтарымды көмегінің;
 - 5.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да көздерінің есебінен жасалады.
- 5.2. Мекеменің меншігінде ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, мүкәммал, теңгедегі, шетелдік валютадағыақша қаражаты, өзге мүліктер, құны Мекеменің теңгермесінде көрсетілетін негізгі және айналым қаражаттары болуы мүмкін.
- 5.3. Мекеме меншігінде немесе мерзімсіз пайдалануында жер телімдері және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да мүлік болуы мүмкін.
- 5.4. Мекеменің қаржысына алынған мүлік пен осы мекемеге тиесілі тіркелген мүлікті өз бетінше жоюға немесе басқа да мақсатта пайдалануға құқығы жоқ.
- 5.5. Мекеме кәсіпкерлікпен айналысуды тек ғана жарғы аясында ғана жүзеге асыра алады.

5.6. Мекеме кәсіпкерлік аясындағы кіріс пен шығысты есепке алады.

5.7. Мекеменің кәсіпкерлікпен айналысу кезіндегі салық төлемі ҚР салық туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5.8. Мекеменің кәсіпкерлікпен айналысу арқылы тапқан пайдасы мекеме қатысушыларының арасында бөлінбейді де, жарғы мақсаттарына бағытталады.

6. Мекеменің құқығы.

6.1. Мекеменің:

6.1.1. Мекеменің мақсаты мен мәніне қайшы келмейтін шарттарды Қазақстандық және шетелдік білім беру ұйымдарымен, сондай-ақ, басқа да заңды және жеке тұлғалармен жасауға;

6.1.2. Өз қызметі туралы ақпаратты жариялауға;

6.1.3. Парламентте, Үкіметте, сотта және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарында, мекемелерінде және ұйымдарында өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға;

6.1.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүргізуге құқығы бар.

7. Мекеменің міндеттіліктері.

7.1. Мекеме:

7.1.1. Мекемеге бекітілген мүліктің сақталуын, тиімділігін және нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

7.1.2. Еңбекті қорғаудың, санитарлық-гигиеналық нормалардың және өрт қауіпсіздігі талаптарының белгіленген ережелерін сақтауға;

7.1.3. Республикалық жоғары оқу орындары электрондық кітапханасының қорларына пайдаланушылардың кедергісіз қашықтықтан қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

7.1.4. Оқу басылымдарын электрондық нысанда дайындауды жүзеге асыруға;

7.1.5. Мекеменің қорларына түсетін және қорларынан шығатын барлық электрондық материалдардың есебін жүргізуге міндетті.

8. Мекеменің басқару органдарының құрылымы, құрылу тәртібі және құзыреті.

8.1. Мекеменің басқару және бақылау органдары:

8.1.1. Жоғарғы орган – Құрылтайшы.

8.1.2. Атқару органы – Директор.

8.1.3. Бақылау органы – Бақылау комиссиясы (ревизор).

8.1.4. Мекеменің ерекше компетенцияларына мыналар жатады:

1. мекеменің құжаттамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге шешім қабылдау;
2. мекеменің ерікті қайта құрылуы мен мекемені жоюға қатысты шешім қабылдау;
3. мекеменің компетенциялары мен ұйымдастыру құрылымын басқару органдарының құрылу тәртібін және олардың өкілеттілігін жоюды анықтау;

4. атқарушы органның қаржылық есеп беру мерзімін анықтау, сонымен қатар бақылау органдарының тексеріс жүргізу тәртібін анықтау және оның нәтижесін бекіту;
5. басқа да заңды тұлғаларды, сонымен қатар өз бөлімшелері мен өкілдіктерін құруға Мекеменің қатысуы туралы шешім қабылдау;
6. мекеменің жарғысын бекіту және оған өзгерістер енгізу;
7. мекеменің директорымен еңбек келісімшартын жасасу немесе шартты бұзу;
8. құрылтайшының Мекемеге бекітіп берген немесе Мекеменің құрылтайшының мүлік алуға бөлген қаражатына алынған жылжымайтын мүлкінің тізімін, электрондық қорды қоса бекітеді.
9. мекемеден бөлінген қаржыға алынған, мекеме атына тиесілі қозғалыссыз мүліктің тізімін бекіту;
10. қызығушылық тудырған Мекеменің қатысуымен атқарылған істі қолдау жөнінде шешім қабылдау.
11. мекеменің іс-әрекетінің негізгі түрлеріне жататын қызметтері үшін жеке және заңды тұлғаларға төлем жасаудың тәртібін белгілеу;
12. мекеменің іс-әрекеттерін бақылауды жүргізу;
13. Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы жарғыға сай мекеменің басқа да қызметтері мен өкілеттілігін жүргізу.

9. Мекеменің қызметін басқару.

9.1. Мекеме қызметіне жалпы басшылық жасауды Құрылтайшы лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын директор жүзеге асырады.

9.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрылтайшы директорымен еңбек шартын жасайды және бұзады.

9.3. Директор Мекеменің жеке дара басшысы болып табылады, оған жүктелген функциялардың орындалуы үшін дербес жауапкершілікте болады және Құрылтайшыға есеп береді.

9.4. Директор:

9.4.1. Құрылтайшы Директорды 5 жыл мерзімге тағайындайды.

9.4.2. Директордың құзыретіне Мекеменің ағымдағы қызметінің барлық мәселелері жатады.

9.4.3. Мекеменің Директоры:

а) осы Жарғымен көзделген өкілеттіктер шеңберінде Мекеменің қызметін жалпы және жедел басқаруды жүзеге асырады, сондай-ақ, Мекеменің күн сайынғы қызметі үшін жауапкершілікте болады;

б) Мекеменің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды және оның мүдделерін қорғайды;

в) оған берілген құқықтар шегінде Мекеменің мүлкіне иелік етеді, банктерде есептік және басқа да шоттарды ашады;

г) келісімшарттарды, оның ішінде, еңбек шарттарын жасайды, сенімхаттар береді, бұйрықтар шығарады, оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Мекеменің барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті нұсқамалар береді;

д) бухгалтерлік есепті және есептілікті ұйымдастырады;

е) құрылтайшымен келіскеннен кейін Мекеме қызметкерлерінің штаттық кестесін, еңбекақы төлеу және сыйақы беру жүйесін, өкілдік шығыстар, іссапарға жіберу

туралы ережелерді және Мекеменің қызметіне қатысты басқа да ішкі құжаттарды бекітеді;

ж) Мекеменің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

з) Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметінің аудитін жыл сайын ұйымдастырады.

10. Тексеру комиссиясы

10.1. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін басқарма сайлаған кемінде 3 адамнан құрылған мекемедегі тексеру комиссиясы бақылайды. Атқарушы органның қызметкері тексеруші комиссияның құрамына кіре алмайды.

10.2. Тексеру комиссиясы өз төрағасын ашық дауыс беру арқылы дербес таңдай алады және уақыт тәртібі мен тексеру тәсілін (жоспар) таңдайды. Ол кез келген мезгілде өз қалауынша немесе басқарма тапсырысы бойынша мекеме мүлкіне, атқарылған жұмысқа, сәйкесінше шығындарға тексеріс жүргізе алады.

10.3. Тексерілушілер тексеру комиссиясы жұмысына қажетті жәрдемді көрсетуге міндетті.

10.4. Мекеменің жылдық отырысына 20 күн қалғанда тексеру комиссиясы Құрылтайшылардың жалпы жиналысында жылдық тексерудің нәтижесін тапсырады.

10.5. Тексеру комиссиясы Мекеме лауазымды қызметкерлерінен қажетті құжаттар мен жекелей түсініктемелер алуға құқылы.

11. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі.

11.1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

11.2. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар оларды бекіту күнінен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады.

12. Мекемені қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату талаптары.

12.1. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Мекеменің Құрылтайшысының шешімі бойынша қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

12.2. Мекемені қайта ұйымдастыру бірігу, қосылу, бөлу, бөліну, қайта ұйымдастыру түрінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да түрлерде жүргізілуі мүмкін.

12.3. Мекеме қайта туындаған ұйымды мелекеттік тіркеу сәтінен бастап қосылу түрінде қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, қайта ұйымдастырылған деп саналады. Оған басқа ұйымды қосу түрінде Мекемені қайта ұйымдастыру кезінде Мекеме қосылған ұйымның қызметін тоқтату туралы жазбаны Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізу сәтінен бастап қайта ұйымдастырылған деп саналады.

12.4. Мекеме Құрылтайшының шешімі бойынша өз еркімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген негізде және тәртіппен күштеп (соттың шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

12.5. Мекемені тарату туралы шешім қабылдау кезінде Құрылтайшы тарату комиссиясын тағайындайды және тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді. Тарату комиссиясын тағайындау сәтінен бастап оған Мекеменің мүлігі мен істерін басқару

жөніндегі өкілеттіктер көшеді және Алматы қ. Әділет департаментіне бұл туралы тез арада жазбаша хабарланады.

12.6. Тарату комиссиясы Мекемені тарату туралы, заңнама талаптарына сәйкес оның кредиторларының талап-арыздар өтініштерінің тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты жариялайды. Талап-арыздар өтініштерінің мерзімі Мекемені тарату туралы жариялау сәтінен бастап екі айдан кем болуы мүмкін емес. Тарату комиссиясы кредиторларды анықтау және берешекті алу жөніндегі шараларды қабылдайды, сондай-ақ, Мекемені тарату туралы кредиторларды жазбаша хабарландырады.

12.7. Тарату комиссиясы кредиторлардың талап-арыздарды қоюы үшін мерзімнің аяқталуынан кейін Құрылтайшы мүлігінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген талап-арыздар тізбесі туралы, сондай-ақ, оларды қарастыру нәтижелері туралы мәліметтерден тұратын аралық тарату теңгермесін жасайды. Аралық тарату теңгермесін Құрылтайшы бекітеді.

12.8. Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне бұл туралы мәліметтерді енгізуден кейін заңды тұлғаны тарату аяқталған, ал заңды тұлға өз қызметін тоқтатқан деп саналады.

13. Мекемені тарату жағдайында мүлікті пайдалану тәртібі.

11.1. Кредиторлармен есеп айырысқан кейін Мекемеде қалған мүлікті Құрылтайшының таратуы мүмкін емес, Мекеменің мақсатына жіберіледі.

14. Қорытынды ережелер.

14.1. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзгеруімен байланысты осы Жарғының қандай да бір ережелері жарамсыз болатын болса, онда бұл оның қалған ережелерінің заңды күшін қозғамайды. Жарамсыз ережелер басқа, мағынасы бойынша жақын және құқықтық қатынастағы рұқсат етілетін ережемен ауыстырылады.

Директор

Ш.К. Әлмұхамбетова